

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

АҚТӨБЕ




ЖҮЗ ЖЫЛ ЖЫЛНАМАСЫ



4 870220 330029

ПАРТИЯЛЫҚ БӨЛІМНІҢ ЖАУЫНГЕРІ



Кеңестік заманда облыстық газеттерде партия тұрмысы деп аталатын бөлім болды. Бұл редакциядағы көшбасшы, жетекшілік атқаратын, алдыңғы қатарда тұратын бөлім еді. Арыстан Аймағамбетов өткен ғасырдың сексенінші жылдарында сол партия тұрмысы деп аталатын салада қаламын мығым ұстаған, салиқалы тақырыпты байыппен қозғайтын журналист ретінде танылды.

Ол кезде өзінің мерзімді уақытына сай өтетін аудандық партия конференциялары деп аталатын жиынға ерекше мән берілетін. Онда аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы есепті баяндама жасайды, жарыссөзге шығушылар оны толықтырып, ұсыныс-пікірлерін айтады, аздаған сын болады. Бірақ соның бәрінде көзге көрінбейтін шектеу бар. «Жақсысын асырып, жаманын жасыру» бағыты ұсталынады, кемшіліктердің сыртқа шықпағаны көзделеді.

Ал Арыстан ағамыздың өзі бұрын Ойыл аудандық партия комитетінің ұйымдастыру бөлімінің нұсқаушысы болып қызмет атқарған, яғни партиялық жұмыстың ішкі сырларын біршама біледі. Сондықтан да болуы керек, әлгі жиындардан есеп түрінде жазған мақалалары көбіне сыни тұрғыда беріледі. Оның деректерін қалай алады, ол жағы өзінің құпиясы болса керек. Ал жазғанына ешкім де дау айта алмайды, себебі дәлелді, тұжырымды.

Партия тұрмысы бөлімінің меңгерушісі Мұрат Нұртаев аға — принципті, талабы қатал, жауапкершілігі жоғары адам. Берілген тапсырманың уақытында орындалғанын және сапалы атқарылғанын қалайды. Арыстан аға сол кісінің көңілін тапты әйтеуір. Әрине, талапқа сай қызмет істеуімен болса керек.

Сол кезде «Коммунизм жолы» деп аталатын облыстық газетте «Коммунист туралы әңгіме» деген айдар болды. Осы айдар аясында еңбекте үздік шыққан, тыныс-тіршілігі өнегелі, өмірі өзгелерге үлгі адамдар туралы мақалалар үздіксіз беріліп тұрды. Кейіпкерлері сан түрлі мамандық иелері болып келетін мұндай жазбалардың авторы Арыстан Аймағамбетов тақырып игеруге әр қырынан келетін. Сонысымен де оның мақалалары оқырманын тартып, ынтамен оқытатын.

Ол өзінің өмір жолында талай тағдыр иелерімен кездесті. Облыс көлеміндегі талай белгілі басшылардың алдын көрді, танымал қаламгерлермен қатар жүріп, бірге қызмет атқарды, еңбек адамдарымен жиі сырласып, олардың мұң-мұқтаждарымен бөлісті. Адамдар тағдыры туралы қанашама мақалалар жазды?!

Соның бәрін жинақтап, «Есімде, бәрі есімде...» кітабын берегіректе баспадан шығарды. Бұл жинақ өмір туралы толғау, замандастары туралы сыр, тіршілік тәлімдері десек те болады.

Балалық шағы соғыс жылдарындағы ауыр кезеңмен тұспа-тұс келген, аяулы анасының «екі аяғын ат еткен, екі қолын қамшы еткен» жанкешті тірлігімен ел қатарына қосылған оның көрген қиындығы аз емес. Бірақ бойына біткен жігер, жүректегі ұмтылыс оны алға жетелей берді.

Арыстан ағаның өмірлік серігі Патима Аденова жетпісінші жылдардың соңына таман қызмет бабымен Ырғыз аудандық партия комитетінің хатшысы болып сайланып, бұлар отбасымен сонда көшіп барады. Өзі аудандық газетте, балалары өсіп келеді. Осындай жарасты отбасының алдында ауыр жағдай күтіп тұр еді. Патима апа ойламаған жерден кеселге шалдығып, мезгілсіз өмірден өтеді. Ал-



ды он үш-он төрттегі, соңы әлі кішкентай бес пәрзентті бағып-қағу өзінің мойнына түседі. Ол соның бәрін көтеріп, балаларын қатарынан кем қылмай тәрбиелеп өсірді.

Егер ағамыздың өмірбаянына үңілсек, ол былайша өрілер еді. Тамдыкөл деп аталатын ауылда дүниеге келіп, Ойыл орта мектебін бітірген ол елуінші жылдардың ортасында Жамбыл зоотехникалық-малдәрігерлік техникумында оқып, мамандық алады. Содан кейін Ойылдың Құрманов атындағы ірілендірілген қой совхозында бас зоотехник қызметін атқарады.

Кейін Алматы зоотехникалық-малдәрігерлік институтында білімін тереңдетіп, Ойыл аудандық партия комитетінің нұсқаушысы қызметін атқарады.

Бірақ жастайынан сөз өнеріне деген тартылыс оны баспасөзге қарай жетелей береді. Сөйтіп, «Ойыл», «Ырғыз» аудандық газеттерінде бөлім меңгерушісі, кейін облыстық «Коммунизм жолы» газетінде аға тілші болды.

Сексенінші жылдардың ортасынан ауа ол басқа салаларда еңбек етті. Облыстық «Білім» қоғамының референті, облыстық ауыл шаруашылығы, және облыстық білім басқармасының аудармашысы қызметтерін атқарды.

Біраз жыл Қазақстан Журналистер одағы облыстық ұйымының жауапты хатшысы болды.

Ардагер журналист қай уақытта да қаламын суытқан емес. Өзінің сергек қалпын сақтап, ел мұқтажына елендеп отырады.

Жастау кезінде қыр астында көрініп тұрған совхоз директорлығы қызметінен бас тартып, газетке қарай мойын бұрған Арыстан Аймағамбетов кейін Қазақстанның құрметті журналисі атанды, баспасөздің беделді өкілдерінің біріне айналды.

Ең бастысы, ғасыр биігіне қол созған облыстық «Ақтөбе» газетінде өз қолтаңбасын қалдыру бақытына ие болды.

Нұрмұханбет ДИЯРОВ.